



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

9. Лейчик В.М. Терминоведение. Предмет. Методы. Структура. – М., 2006. С. 256.
10. //The English-Russian World - Англо-русский мир. № 6 (115); 12 (121); 1 (122); 11 (120); 8 (117); 7 (118); 10 (119); 3 (124). 2011-2012.
11. Болотина А. Ю., Якушева Е. О. Англо-русский и русско-английский медицинский словарь. – М., 2006.
12. Англо-русский словарь медицинских сокращений. – М., 2008.
13. Дроздов Д., Удовиченко О. Англо – русский словарь медицинских аббревиатур. – М., 2009.

ӘОЖ 81'373.7=512.122=111

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КЕЙБІР “БАС/HEAD” СЫҢАРЛЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құрбан Жібек Оразалықызы

Zhibek_1995@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1 курс студенті, Астана
Ғылыми жетекшісі – Н.Ж.Жұмай, аға оқытушы

Фразеологизмдердің қай-қайсысы болмасын өзіндік қайнар көзі, тарихи даму жолы бар. Олардың шығу төркіні, көмескі тартқан іздері халық өмірімен байланыстыра қарастырғанда ғана айқын аңғарылады. Бұл ұлттық сипатты бойына сіңірген бейнелі сөз өрнектерінің даму жолы этнос тарихымен үндесіп жатыр деген сөз. Кейбір тұрақты сөз оралымдары әр елде еркін тіркес не теңеу түрінде пайда болып, бірте-бірте тұрақталып кейіннен басқа бір ұқсастығы, ортақ ерекшеліктері бар зат не көріністі салыстыра, бейнелей суреттеу құралына айналған. Әдетте бір затты, әрекетті немесе құбылысты басқа бір ұқсас затқа, әрекетке, құбылысқа теңей сипаттағанда, ортақ фразеологиялық қасиеттері, ортақ образдық-фондық элементтері негізге алынады [1].

Тіл білімінің жаңа зерттеле бастаған және болашағы зор салаларының бірі – салыстырмалы-салғастырмалы фразеология. Әр түрлі тілдердің фразеологиялық құрамын зерттеудің теориялық және практикалық маңызы бар. Тілдерді салғастыра зерттеу арқылы ұлттық ерекшеліктердің тілдегі көрінісін түсінуге болады.

Фразеологиялық тіркестерді жасауда басты рөлді адам факторы атқарады. Себебі адам өзін қоршаған ортаның нысандарына адамға тән ерекшеліктерді, қасиеттерді беруге талпынады. Осы коммуникациялық процестерде басты рөлді ойнайтын соматикалық фразеологиялық бірліктер болып табылады. Соматикалық фразеологияны құрамында адамның немесе жануардың дене мүшелерінің атауы бар фразеологиялық бірліктер құрайтыны белгілі.

Фразежасамның бірден-бір ұйытқысы болып табылатын соматизмдер қай тілдің де болса фразеологиялық қорында мол кездеседі. Адам дене мүшелерінің атауы - адамзат тарихында алғаш пайда болған сөздердің бірі. Соматизмді фразеологизмдер де ертедегі адамдардың бейнелеп сөйлеуге талпынған ежелгі көркемсөз үлгілері болып табылады. Фразеолог ғалымдардың есептеуі бойынша, кез-келген тілдің фразеологиялық құрамының 30%-ын соматизмдер құрайды. Бұл адамның өз-өзін білуге деген талпынысы, қоршаған ортаны өзіне қарап өлшеуден, өзін-өзі танудан, өз бойына шақтап пішуден бастағандығының дәлелі болса керек. Бұл тұрғыда оған ең жақын, ең түсінікті нысан – өзінің дене мүшелері екендігі сөзсіз. Дене мүшелерінің атаулары арқылы жасалған фразеологизмдер ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де аз емес. І. Кеңесбаев жасаған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіндегі» [1977] 10 мыңнан астам фразеологизмнің 630-ы соматизмді фразеологизмдерді қамтыған екен [2].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі кейбір етістікті фразеологизмдердегі мәндес ұғымдарды білдіретін баламалар біркелкі немесе ұқсас белгілер мен біртектес салыстырулар

негізінде қалыптасқан. Бұған ағылшын және қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдер мысал бола алады. Мәселен, *Make one's head turn* - басын айналдыру, алдап арбау, ойлауға мұршасын келтірмеу, ғашық ету мәнінде қолданылады.

Қазіргі таңда әлемдік тілге айналып, бүкіл адамзатқа қызмет етіп отырған ағылшын тілінің сөздік қорына түркі тілдерінің де қосқан үлес салмағы зор деп сеніммен айта аламыз. 1897 жылы Е. Ж. Девиес түріктің көрнекті қаламгері Ахмет Митаттың XIX ғасырда жинап шығарған түрік халқының 4300 мақал-мәтелін ағылшын тіліне аударып “*Osmanli Proverbs and Quaint Sayings*” (Осман түріктерінің мақалдары мен даналық сөздері) деген атпен кітап етіп жарыққа шығарған. Осы еңбекті жазу барысында ағылшын тіліне түркі тілдерінен енген біраз фразеологиялық тіркестер анықталды. Мысал ретінде *avoid sb/sth like a leper* – біреуден, бір нәрседен алапес көргендей қашқақтау, *one's heart bleeds for sb/sth* – жүрегі қан жылау [2] т.б. көптеген тілдік бірліктерді келтіруге болады.

Құрамында қазақ және ағылшын тілдеріне ортақ *bas/head* компоненті кездесетін соматикалық фразеологизмдер құрайтын негізгі топтар төмендегідей:

- 1) ойлау қызметіне қатысты: *bother one's head about smth.*, *addle one's brain with smth*, *worry one's head off* - *бас қатыру, ойға түсу, абыржу*; *get smb. out of one's head* – *бастан шығару*;
- 2) ойлау қабілетіне қатысты: *have a bad head for smth.*, *soft in the head* – *басы істемеу*;
- 3) адамның эмоционалдық, физикалық жағдайына қатысты: *hang down one's head* – *бас терісі салбырау*;
- 4) тәртіп, мінез-құлыққа қатысты: *go about with one's head in the air* - *басқа шығу*.

Бұл ортақтықты түсіндіру де орынды болып табылады: адамның соматикалық мүшелерінің әр түрлі халықтарға ортақ универсалды қызметтері болады. Мысалы, *аяқ/foot* қозғалыстың, жүрудің белгісі болса, *bas/head* ойлаудың, ақылдың белгісі деп есептелінеді. Алайда адамның басын оның кеңістіктегі орнына байланысты да қарастыруға болады. Бұл жағдайда *bas/head* лексемасы бастапқы, жоғарғы деген мағына береді. Мысалы, *from head to foot* – басынан аяғына дейін, түгел. Мысалы, *She came out, masked with dust from head to foot, a horseshoe wrinkle on her forehead, put there by much thinking during the past week, but as self-possessed as ever* (R.Kipling). Ішінде кітап та бар, қағаз да бар, тексердім бастан аяқ көп ақтарып (М. Сералин). *Scare-head* – бас мақала, бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті тақырыпқа арналған бірінші беттегі мақала. Әдетте елді дүр еткізетін, көбіне жағымсыз мәселелер газеттің алғашқы бетінде жазылады. Бұл газеттегі бас мақала тағы да сол бір ауыл-аймақты шулатқан мәселеге арналыпты (Р. Жапаров).

Bury one's head in the sand – *бас сауғалау, қара басының қамын, амандығын ойлап қаша қорғану*. Мен отқа күймей отырмын ба? Жан күйерім екенсің, бас сауғалайын деп пе едің? – деді Тәкежан (М. Әуезов). Бұл фразеологизмнің шығу тегі түйекұстың жыртқыш аңнан қорғану үшін басын жерге тығады деген болжамынан туындаған. Шындығында, түйекұстар топырақ астына тығылмайды, тек өздерін байқатпау үшін бастарын жасыруы мүмкін.

Lay/put heads together - *бір жерге жиналу, бас қосып кеңесу*. Why don't you – all of you put your heads together and make a cheaper pump instead of squabbling over a few per cent here or there? (D.Lodge) Мұнда Арғын ағадан Қаракесек жақсысы бар. Ойдағы, қырдағы Керей атақ баласы бар. Өрдегі, ылдидағы Найман азаматы да бас қосып отыр (М. Әуезов).

Shake one's head 1) қайран қалу, таңғалу. Таңғаларлық жағдай болғанда адамдардың басын шайқауы қалыптасқан, шартты әдеті. *She shook her head in disbelief*. Мына әйел Жұмабаймен бір күнде отырмайды, мұнда бір сыр болу керек,—деп атқа мінерлер сенімсіздік көрсетіп, бастарын шайқайды (Б. Майлин). 2) «Жоқ» деу, құптамау, бас тарту. Сөздің орнына ым-ишарат, іс- қимыл арқылы қарсылықты білдіру. ‘*Have a liqueur?*’ Jon shook his head (J. Galsworthy). Басыңа тиді байқадың, бәрінен басты шайқадың, тағы да бар ма, айтарың? Нанғыш болсақ енді нан! (Абай).

The swelled head - *нысқырып та қарамау, менсінбеу, тәкаппарлық ету*. Көшпенді қазақ халқының ерекше қастерлеген малы - жылқы болған. Жылқы қандай да бір қауіптің немесе бір нәрсенің жақындап қалғанын сезсе құлақтарын түріп, пысқырынады. Бұл тіркес

менсінбеу, еш елең етпеу, болған жағдайға мән бермей, өзімшілдік таныту деген мағынада қолданылады. Ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударса «ісіген, үрілген бас» деген мағына береді. No, it's the blokes who get swelled head that make the trouble (J. Galsworthy). Салбаттың бір де қызы саған пысқырып та қарамаған екен (К. Оразалин).

Put a head on somebody- аузына қақпақ болу. Яғни, еркін сөйлетпеу, көңілдегісін айтқызыбау. Қақпақ дегеніміз ыдыстың бетін жабуға арналған жабын. Егер ыдыстың беті жабулы тұрса, ішінде не бар екенін білу қиын. Сондықтан аузына қақпақ болды деген біреудің білетін нәрсесін басқалардың білмеуі үшін еріксіз айтқызыбау дегенді білдіреді. The gentlemanly proprietor of the premises had kindly volunteered to "put a head" on the man who fired the pistol if anybody would point him out (S. Evans). Тергесең, Қодар сұмдығын... көпке жайып әкеткен елді терге. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді...- деді (М. Әуезов).

Британ ғалымдары Дж. Лакофф пен М Джонсон "махаббат" деген метафораны атап көрсетіп, ағылшын тіліндегі *to lose one's head* – есінен айрылу; *to make one's head go round*, - басы айналу деген фразеологизмдер ғашық болудан басы айналып, ақыл-естен айырылу, жынданып кету деп бағалайды. Ағылшынтанушы ғалымдардың байқауынша англосаксон мәдениетінің негізгі жетекші концептісі - "mind - "ес", "ақыл", "сана". Есінен айырылып, басы істеуден қалған, ақылға келмеген - нашар адам. Демек, ғашықтық адамның логикалық ойлау қабілетіне зақым келтіріп, рационалды шешім қабылдауына мүрсат бермей, өмірге қауіп төндіретін деструктивті құбылыс [2] болып табылады.

Бұдан басқа, *bas/head* лексемасы метафоралық, метонимиялық өзгерістерге ұшырап, «бастық», «басшы», «көшбасшы» деген мағынаға ие болды. *To be at the head of* – басқару мәнінде қолданылуы осының дәлелі болып табылады. Мысалы, *Company requires capable and professional person to head up real estate department*.

Қорыта келгенде, белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады. Себебі олар белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сәтенова С. Әртіпес тілдердегі фразеологизмдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары// Қазақ тілі (Фонетика, лексика грамматика). Алматы. 1999. Б. 159-164.
2. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. Астана. 2010. Б. 282-285.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы. 1978. Б. 55-60.

ӘОЖ 811.512.122`37

ЖҮРЕК/HEART КОМПОНЕНТТІ СОМАТИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақсотова Нәзерке И.

1-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі – Н.Ж.Жұмай, аға оқытушы

Тіл білімінде лексикалық бірліктерден басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімнің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині (гр. Phrasis сөйлемше және logos сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді.